

«Бекітемін»

«Балаларды ерте дамыту
институты» РММ
директоры



М.Е. Адамова
2022 ж.

**«Мектепке дейінгі ұйымның ұздік педагогі»
Республикалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның ұздік педагогі» республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР БФМ «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Институт) 2022 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерін қолдау және ынталандыру, тәжірибелі және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыру мүмкіндігін беру.

1.4. Міндеттері:

- қазіргі жағдайда жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттілікті дамыту;

- педагогтердің ұздіксіз кәсіби өсуі мен педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ету;

мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін, құралдары мен технологияларын анықтау және қолдау;

- педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және инновациялық қызметке ынталандыру;

- тәрбиеші мамандығының беделін арттыру;

- мектепке дейінгі білім беру педагогтеріне ұздік тәжірибемен танысу үшін жағдай жасау.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана білім басқармалары.

2.2. Байқауға кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері (педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық (қалалық);

II кезең - облыстық;

III кезең - республикалық.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде Байқау комиссиясы құрылады, оның құрамы аудандық бөлімдердің, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының бұйрығымен бекітіледі.

2.5. Байқау комиссиясының құрамына мектепке дейінгі білім беруге жетекшілік ететін Білім басқармаларының (бөлімдерінің) мамандары, орталықтардың әдіскерлері, тәжірибелі педагогтар, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздары, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлері, сондай-ақ ата-аналар қоғамдастырының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

2.6. Байқау комиссиясының мүшелері қатысуышылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

2.7. Республикалық кезеңге республикалық маңызы бар қалалар мен астананың, облыстық кезеңнің жеңімпазы жіберіледі.

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармалары мынадай материалдарды жолдайды:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) қатысуышының **ақпараттық картасы** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) екінші кезеңнің қорытындысы бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармаларының байқау комиссиясының хаттамасы (сканерленген көшірмесі);

4) педагогтің **Е-портфолиосы** (осы Ереженің 2 - қосымшасы) - педагогтің е-портфолиосындағы материалдарды қарау үшін қатысуышының ақпараттық картасында (осы Ереженің 1-қосымшасы) белсенді сілтеме көрсетіледі;

5) техникалық шарттарға сәйкес **«Балалармен өткізген қызықты сәт» бейнеролигі** (осы Ереженің 4-қосымшасы).

Байқау келесі негізгі блоктардан тұрады:

- 1) педагогтің Е-портфолиосын зерделеу;
- 2) «Мен – педагогын», онлайн түрінде сұхбат алаңын ұйымдастыру (осы Ереженің 3-қосымшасы);
- 3) «Балалармен - өткізген қызықты сәт» бейнеролигін қарау.

3. Байқауға қатысуышыға қойылатын талаптар

3.1. Материалды ұсына отырып, қатысуышы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа базасыныңда, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

3.2. материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өндеге келісімін береді.

4. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

4.1. Республикалық кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік

педагогі» байқауының атауымен i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына 2022 жылдың «16» мамырынан кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, женімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның ұздік педагогі» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

5.2. Байқаудың республикалық кезеңінің женімпаздарына тамыз кеңесі жұмыстарының шеңберіндегі МДҰ педагогтерінің секциясында өз қызметін таныстыруға мүмкіндік беріледі.

5.3. Байқаудың республикалық кезеңінің женімпаздары Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.4. Байқау тамыз кеңесінде қорытындыланады, Байқауға ұсынылған женімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50

«Мектепке дейінгі үйымның ұздік педагогі»

республикалық байқауға қатысушының ақпараттық картасы

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), 3x4 өлшемді фотосуретін салу
- Жұмыс өтілі (еңбек және педагогикалық)
- Білімі
- Біліктілікті арттыру (соңғы үш жылда).

2. Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды өзірлеуге және іске асыруға қатысуы (қатысу мэртебесін көрсету)

• Марапаттары (грамоталар, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар), біліктілікті арттыру курсардың сертификаттары, соның ішінде қашықтықтан өткен курсары (білімін, өткен курсарды растайтын құжаттардың, құрмет грамоталары мен сертификаттардың сканерленген нұсқасы).

3. Педагогикалық жұмыс мониторингі.

- Соңғы 3 жылда балалардың біліктері мен дағдыларының мониторингі және даму динамикасы;
- Олимпиадаларға, кәсіби сайыстарға өзінің қатысуы туралы мәліметтер.

3. Ұялы телефон. Материалдарды қарau үшін интернет ресурстарға белсенді сілтеме.

«Педагогтің Е-портфолиосы» (5 ұпай)

Байқауға қатысушы материалдарды қарau үшін қатысушының ақпараттық картасында (осы Ереженің 1-қосымшасы) бір ғана белсенді сілтеме ұсынылуы тиіс.

Е-портфолио келесілерді қамтиды:

- педагогтің жұмыс істейтін педагогикалық бағыты туралы ақпарат;
- педагог қатысқан семинарлардың, байқаулардың, шығармашылық есептердің, ашық ҰОҚ материалдары, ғылыми-практикалық конференцияларда оқыған баяндамалары және т. б. материалдары;
- авторлық бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды өзірлеуге қатысқаны туралы материалдар, олардың хаттамаларының көшірмелері (болған жағдайда);
- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдары (соңғы үш жылда);
- тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының деңгейін дамыту мониторингі;
- байқауға қатысушының тәжірибесі мен кәсіби қызметінің ерекшелігін көрсететін материалдар, фото және бейнематериалдар.

«Мен - педагогын» - онлайн сұхбат алаңы (10 үпай)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагог – «білім беру үйіміндағы өзгерістердің агенті болып табылады; білім беру процесін жалғыз үйімдастыруышыдан баланы дамыту және оқыту процесінің фасилитаторы рөліне ауысуы қажет. Педагог үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап, күнделікті жұмысына рефлексия жасауы керек».

Қатысушының қашықтықтан сұхбат беруіне қойылатын талаптар:

- 1) педагогтің жұмысындағы инновацияның өзектілігі;
 - 2) тәрбиелеу-білім беру процесінің тиімділігі;
 - 3) заттық-кеністіктік дамытушы ортаның мазмұндылығы;
 - 4) тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелілігі;
 - 5) режимдік сәттердің мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану;
 - 6) өз тәжірибесін зерттеуді жүргізе білуі;
 - 7) тәрбиелеу-білім беру процесін үйімдастырудың өзіндік тәсілі;
 - 8) педагогтің рефлексиясы;
 - 9) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің 44-тармағына сәйкес өз тәжірибесін жетілдіруді пайымдауы.
- ✓ сөз сөйлеу ұзақтығы – 5 минуттан аспайды;
- ✓ қазылар алқасының сұрақтарына жауаптар – 3 минутқа дейін;
- ✓ презентациямен немесе бейнефрагменттермен сөз сөйлеуге рұқсат етіледі.

Байқауға қатысушылардың сөз сөйлеу кезектілігін комиссия айқындаиды.

Байқаудың осы блогына қатысу үшін күні, уақыты және сілтеме қосымша хабарланатын болады.

«Балалармен откізген қызықты сәт» бейнеролигі (10 балл)

Бейнеролик балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша педагогтің тәжірибесін қамтуы тиіс. Қатысушы мектепке дейінгі тәрбиені үйімдастырудың мазмұны мен қағидаларын білетіндігін көрсетуі, жұмыс уақытын ұтымды жоспарлауды қажет. Тәрбиелеу-оқыту процесін үйімдастыру бойынша практикалық тәжірибе тек үйімдастырылған оқу іс-әрекетін ғана емес, сонымен қатар режим сәттерін де қамтуы керек (*мәдени-гигиеналық дағдылар, серуендеу, ойындар, өзіндік іс-әрекет, жеке жұмыс, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, іздеу және эксперименттік іс-әрекет және т.б.*).

Сақталуы тиіс жалпы талаптар:

- тәрбиелеу-білім беру процесін қызықты ойын түрінде үйімдастыру;
- замануи инновациялық технологияларды қолдану;
- жақсы үйімдастырылған дамытушы ортаны пайдалану;
- санитарлық-гигиеналық талап нормаларын сақтау;

- білім беру салаларының кіркітірілуін қамтамасыз ету (әртүрлі қызмет турлерінің, мазмұнның өзара байланысы);

- балалардың танымдық әрекетін жандандыру (әдістер мен тәсілдер);
- қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- рұқсаттылығы HD төмен емес (1280x720);
- формат *.mp4;
- бейнематериалдың хронометражы 3-5 минут.

«Балалармен -өткізген қызықты сәт» бейнеролигін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Тәрбиелеу-білім беру процесін үйімдастыру	1.1	Тәрбиелеу-білім беру процесі мазмұнның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестілігін қамтамасыз етеді
		1.2	Мазмұнның тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді
		1.3	Замануи инновациялық технологияларды қолданады
		1.4	Білім беру салаларын кіркітуді қамтамасыз етеді
		1.5	Тәрбие міндеттерін жүзеге асырады
2	Педагогикалық міндеттерді шешудегі әдістемелік тәсілдер	2.1	Тәрбиеленушілердің назарын аудару, бастамаларын қолдау, ынталандыру тәсілдерін қолданады
		2.2	Көрнекілік пен АҚТ құралдарын орынды қолданады
3	Ұйысадастыруышыл ық мәдениет	3.1	Жұмысын тиімді үйімдастырады
		3.2	Іс-шараның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кеңістікті аймақтарға бөледі және оны тиімді пайдаланады
		3.3	МДҰ санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтайды
4	Сөйлеу, коммуникациялық мәдениет, жеке – кәсіби қабілеттері	4.1	Тәрбиеленушілермен жұмыс барысында қолайлы психологиялық климат орнатады
		4.2	Іс-шараға қатысатын барлық тәрбиеленушілерді назарда ұстайды
			Тәрбиеленушілердің қамтылуы
		4.3	Қарым-қатынастың этикалық ережелерін сақтайды, кәсіби қызметтің жеке стилін көрсетеді
		4.4	Тәрбиеленушілерге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды сөйлеу қателіктерін жібермей түсінікті, нақты тұжырымдайды